



Ортақ аспан астындағы мың жағалау



air astana
2007 жылдық есеп

Мазмұны

Компания президентінің жолдауы	5
Стратегияны іске асыру:	
2007 жыл қорытындылары және 2008 жыл мақсаттары	7
2007 жылдың негізгі оқиғалары	8
2007 жылдың негізгі фактілері: Қаржы статистикасы	9
2007 жылдың негізгі фактілері: Операциялық жүйе	9
2007 жылғы бағыттар торабы	11
2007 жылғы әуе кемелер паркі	13
Компания жайлы қысқаша мәлімет	14
Ұйымдық құрылымы	15
«Эйр Астана» АҚ акционерлері	16
2007 жылғы «Эйр Астана» АҚ Директорлар кеңесі	17
Атқарушы орган – президент	19
Менеджмент	19
Есептік 2007 жыл	25
Жолаушылар тасымалы	25
Тасымалдау сыйымдылығы	25
Жүйелік қауіпсіздік	26
Өнім мен брэндты дамыту	27
Жолаушыларды тасымалдау қызметін сатуды ұйымдастыру	31
Ақпараттық технологияларды дамыту	31
Тәуекел және тәуекелдерді басқару	32
Корпоративтік басқару	33
Акционерлер мен инвесторлар үшін	41
Әлеуметтік жауапкершілік	43
Қызметкерлер	43
Әлеуметтік бағдарламалар	47
Қоршаған ортаны қорғау	51
Қаржылық есептілік	52
Глоссарий	57
Өкілдіктер	58
Заңды мекен-жайы	58
БАҚ	58



Компания президентінің жолдауы

Тасымалдау сыйымдылығының, тасымалданған жолаушылар саны мен әуе паркінің рекордты өсуіне байланысты 2007 жыл «Эйр Астана» үшін айтарлықтай сәтті де, табысты жыл болды.


Компания тарихының жаңа беті бірінші «Боинг 767-300ER» кең фюзеляжды ұшақты алғаннан басталды. Екі «Боинг 767-300ER», екі «A320» және екі «A321-Эйрбастарын» иелікке алып, осылайша өз паркін 18 әуе кемелеріне дейін ұлғайтқан «Эйр Астана» жолаушы километрлер санын 44%, жолаушылар ағынын 45%, операциялық пайданы – 49% дейін ұлғайтты. Басқа көрсеткіштер де айтуға тұрарлық: ішкі бағыттар бойынша жүретін маршруттар торабы 25-ке дейін және халықаралық маршруттар торабы 22-ге дейін ұлғайды; қызметкерлер саны 2000 адамнан асты.

IATA эксплуатациялық қауіпсіздігі бойынша халықаралық аудиттен (IOSA аудиті) өткеніміз осы жылдың маңызды оқиғасына айналды. Бұл сенімділік пен сапаның жоғарғы деңгейінің дәлелі ғана емес, сонымен қатар компания үнемі ақтап отыратын қатал халықаралық стандарттарды орындауға байланысты маңызды міндеттемелер.

Осы жылдың келесі маңызды оқиғасы болып табылған Nomad Club жиі ұшатын жолаушыларды марапаттау бағдарламасының іске қосылуы және электронды билеттердің енгізілуі.

2007 жыл «Эйр Астана» үшін оқиғаларға толы маңызды жыл болып, әуекомпанияның әрекет етуінің қысқа ғана тарихындағы ең қарқынды жылға айналды. Егер өткен 12 айға көз салатын болсақ, осының барлығына соншалықты қысқаша мерзімде қол жеткізгендігіміз тіпті мүмкін емес сияқты. Дегенмен, біз бұл жетістіктермен шектеліп қалмаймыз. Компанияның сәттілігін құраушылардың барлығы болашаққа да жетерлік. Осыған қарамастан клиенттердің қолдауына, кәсіптілікке және әуекомпания ұжымының қажымас еңбегі мен акционерлердің көмегіне сенемін.

Питер Фостер
«Эйр Астана» АҚ Президенті





СТРАТЕГИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУ: 2007 жыл қорытындылары және 2008 жыл мақсаттары

Әуе кемелерінің паркін кеңейту

2007 жылы «Эйр Астана» АҚ әуе паркінде 18 әуе кемелері болған, олардың қатарында 2007 жылы операциялық лизинг механизмін қолдану арқылы сатып алынған келесі ұшақтар бар:

- 2 кеңфюзеляжды «Боинг 767-300»;
- 2 тарфюзеляжды «Эйрбас А321»;
- 2 тарфюзеляжды «Эйрбас А320».

Маршрут торабын дамыту

2007 жылы әуе паркін және қолда бар нарық сұранысын ұлғайту, жаңа бағыттар енгізу және келесі бағыттар жиілігін арттыру мүмкіндіктерін тудырды.

Ішкі бағыттар бойынша	Жиілік саны
Алматы – Ақтау – Алматы	+5
Алматы – Ақтөбе – Алматы	+3
Алматы – Атырау – Алматы	+2
Алматы – Орал – Алматы	+1

Халықаралық бағыттар бойынша	Жиілік саны
Ақтау – Мәскеу – Ақтау	2
Астана – Стамбул – Астана	2
Алматы – Бангкок – Алматы	+2
Алматы – Сеул – Алматы	+1
Алматы – Пекин – Алматы	+1
Алматы – Мәскеу – Алматы	+2

IOSA эксплуатациялық қауіпсіздігінің халықаралық стандартын енгізу

2007 жылы «Эйр Астана» АҚ IATA эксплуатациялық қауіпсіздігі бойынша халықаралық аудиттен (IOSA аудиті) өтті. IOSA мақсаты компаниялардан өндірісті басқарудың стандартталған бағдарламасын көру және халықаралық танымал стандарттарға негізделген әуекомпаниялардың бақылау жүйесін ұйымдастыру болып табылады. Аталған аудиттен өту үшін компаниялар өздерінің халықаралық қауіпсіздік және сапа стандарттарына сай екендіктерін дәлелдеулері қажет.

Компанияның бәсекеге қабілеттілігін арттыру

«Эйр Астана» АҚ өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында бірнеше маңызды мәселелер шешілді:

- Жаңа борттық қызмет көрсету енгізілді;
- Жаңа вебсайт ашылды;
- Электронды билеттер сатыла бастады;
- Жиі ұшатын жолаушыларға арналған бонустық бағдарлама еңгізілді;
- BSP және IBSC қосылу арқылы нарыққа ие болды;
- Брондау жүйесі Интернет арқылы оңтайландырылды.

Корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру

Корпоративтік басқару аясында келесідей іс-шаралар жүргізілді:

- «Самрұқ» Холдингі» АҚ-ға акцияларды берумен байланысты «Эйр Астана» АҚ Жарғысына өзгертулер мен қосымшалар енгізу және оларды тіркеу;
- Компанияның корпоративтік хатшысын тағайындау;
- Ішкі Аудит қызметін енгізу;
- Корпоративтік басқару бағасын алуға байланысты жұмысқа кірісу.

2008 жыл мақсаттары

2008 жылға қойылған «Эйр Астана» АҚ маңызды мақсаттары:

- Әуе паркін ұлғайту;
- Жаңа маршруттарды дамыту;
- Қосымша жиіліктерді ұсынысқа шығару;
- Өнімдер сапасын жақсарту;
- Корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру;
- Ұшқыштардың алғашқы оқу бағдарламасын дамыту;
- Брондау орталықтары мен билеттерді брондау және сату кеңселерін ашу.

2007 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

23 ақпан

«767 (P4-KCA) Боингтің» келуі

Компания тарихының жаңа беті бірінші «Боинг 767-300ER» кеңфюзеляжды ұшақты алғаннан басталды. «Боингтің» екі қозғалтқышы бар, әрқайсысының қуаты 27 тоннадан артық тарту күшіне тең. Ұшу биіктігі 11300 метрге, ал жылдамдығы шамамен айтқанда 850 км/сағатқа жетеді.

15 мамыр

Әуетасымалдау нарығында 5 жыл

«Эйр Астана» АҚ өзінің бірінші ұшу күнінен бері бес жылдық мерейтойын атап өтті. Авиакомпания өзінің операциялық қызметінің аралығында әуепаркты 18 ұшаққа дейін ұлғайтып, ішкі бағыттар торабын 25-ке дейін және халықаралық бағыттар торабын 22-ге дейін ұлғайтты, 65 651 рейс жасап, жолаушылар ағымын 9 есе арттырды.

21 қараша

Ұлттық интернет-сыйлығы ұсынған «Эйр Астана» АҚ-ның веб-сайтының үш номинацияға ие болуы

- «Ең үздік корпоративтік сайт» – 1-ші орын
- «Сайт - 2007 жылдағы ашылу» – 1-ші орын
- «Қазақ тіліндегі ең үздік сайт» – 3-ші орын



Компания веб-сайты (www.airastana.com) жыл сайын өтетін «AWARD.kz» Ұлттық интернет-премиясының марапаттау рәсімінің 16 номинациясының 3 номинациясына ие болды. Сайыс қазақстандық интернеттің (Казнет) интернет-қорларындағы көркемдік, технологиялық және әлеуметтік-мәдени даму жағынан мықтыларды табу мақсатымен жүргізіледі.

1 желтоқсан

«Nomad Club» бағдарламасының енгізілуі

«Nomad Club» («NC») жиі ұшатын жолаушыларға арналған марапаттау бағдарламасының ресми түрде іске қосылуы. Осы күннен бастап «Эйр Астана» рейстерімен ұшып, клуб жүйесінде тіркелген жолаушылар көк картаға ие болады да, автоматты түрде бағдарламаның қатысушысына айналады. Бағдарламаға қатысу арқылы «Эйр Астана» әуекомпаниясымен жиі ұшатын жолаушылары тегін билет алу үшін ұпай жинау мүмкіндігін және ұшу сапарлары мен бағдарлама серіктестіктерінің қызметтерін: қонақ үйлер, мейрамханалар, дүкендер және т.б. пайдаланғаны үшін қызмет көрсетудегі қосымша жеңілдіктерге ие болу мүмкіндіктерін алды.



19 желтоқсан

Ниет білдіру хаттары

Келесідей тапсырыстарды беру мақсатында «Эйр Астана» АҚ мен аса ірі әуе кемелерін жасап шығаратын өндірушілер арасында ниет білдіру хаттарына қол қойылды:

- 6 x A320 және 3 опцияны иелікке алу;
- 3 x B787 иелікке және 3 сатып алу құқығын алу.



2007 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТИЛЕРІ: Қаржы статистикасы

Өлшем бірлігі	мың теңге 2007	мың теңге 2006
Табыстар	66 053 347	45 731 578
Жалпы пайда	13 401 927	10 818 497
Салық салынғанға дейінгі табыс	6 543 070	5 677 374
Таза пайда	4 332 112	4 037 070
Тұрақты активтер	5 775 435	4 363 033
Ағымдағы активтер, оның ішінде:	18 398 710	13 926 437
Ақша қаражаттары	9 707 163	7 039 000
Акционерлік капитал	13 638 383	10 315 539
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	181 259	336 626
Ағымдағы міндеттемелер	10 354 503	7 637 305

Операциялық жүйе

Келесі басты көрсеткіштер 2007 ж. кезеңдегі компанияның операциялық қызметін 2006 ж. салыстырғанда сипаттайды:

Өлшем бірлігі	2007	2006	%
Ұшу сағаттары	64 742	50 418	+ 28
Ұшақтар саны	25 632	19 989	+ 28
Тасымалданған жолаушылар, мың адам	2 132	1 469	+ 45
Ішкі рейстер бойынша, мың адам	1 396	988	+ 41
Халықаралық рейстер бойынша, мың адам	736	481	+ 53
Тасымалданған жүк, қолжүк және пошта, тонна	13 262	7 438	+ 78
Жолаушылар айналымы, мың жкм	4 452	3 056	+ 46
Шекті, мың жкм	6 468	4 498	+ 44
Жолаушылардың толу коэффициенті, %	69%	68%	



2007 ж. әуекомпания 25 ішкі бағыттар бойынша рейстер орындады, олардың ішінде:

Алматы – Ақтау, Алматы – Ақтөбе, Алматы – Астана, Алматы – Атырау, Алматы – Қарағанды, Алматы – Қызылорда, Алматы – Орал, Алматы – Өскемен, Алматы – Павлодар, Алматы – Шымкент, Астана – Ақтөбе, Астана – Атырау, Астана – Қостанай, Астана – Қызылорда, Астана – Орал, Астана – Өскемен, Астана – Павлодар, Астана – Петропавл, Астана – Семей, Астана – Тараз, Астана – Жезқазған, Атырау – Ақтау, Қызылорда – Астана, Шымкент – Атырау, Шымкент – Қызылорда.

2007 ж. әуекомпания 22 халықаралық бағыттар бойынша рейстер орындады, олардың ішінде:

Алматы – Бангкок, Алматы – Бейжін, Алматы – Дели, Алматы – Дубай, Алматы – Франкфурт, Алматы – Ганновер, Алматы – Ыстамбұл, Алматы – Лондон, Алматы – Мәскеу, Алматы – Сеул, Астана – Дубай, Астана – Франкфурт, Астана – Ганновер, Астана – Ыстамбұл, Астана – Мәскеу, Атырау – Амстердам, Атырау – Ыстамбұл, Қарағанды – Франкфурт, Қарағанды – Ганновер, Қостанай – Франкфурт, Қостанай – Ганновер, Алматы – Анталья (маусымдық).

2007 ЖЫЛҒЫ БАҒЫТТАР ТОРАБЫ





Нидерланды аспанының қушағында

2007 ЖЫЛҒЫ ӘУЕ КЕМЕЛЕРІНІҢ ПАРКІ

2007 жылы компания ең жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес заман талабына сай 18 әуе кемесін пайдаланды:



4 x «Боинг 757»



2 x «Боинг 767»



5 x «Фоккер 50»



5 x «Эйрбас А320» 2 x «Эйрбас А321»

2007 ж. осы ӘК түрлерінің келесі алтауы иелікке алынды:

2 x «Эйрбас А320» 2 x «Эйрбас А321» 2 x «Боинг 767»

Компания жайлы қысқаша мәлімет

«Эйр Астана» АҚ («Компания», «Эйр Астана» немесе «Әуекомпания») Үкіметтің 51%-дық және БАЕ Системс компаниясының 41%-дық қатысу үлесімен БАЕ Системс Британдық компаниясы мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы корпоративтік кәсіпорын болып табылады. Жолаушыларды, жүк, қол жүгін және поштаны Қазақстан Республикасының, таяу және қиыр шетел әуе жолдарымен жүйелі әуе тасымалын жүзеге асыру авиакомпанияның негізгі қызметі болып табылады. «Эйр Астана» АҚ-ның негізгі басымдылығы ұшудың қауіпсіздігі мен жолаушыларға жоғарғы сапалы қызмет көрсетуге негізделген.

«Эйр Астана» әуекомпаниясы 2001 ж. тіркеуге алынып, 2002 ж. мамыр айында өзінің алғашқы ұшуын жүзеге асырды. Компанияның іргесі қаланған күннен бастап ішкі бағыттар бойынша 25 және халықаралық бағыттар бойынша 22 рейс орындаған әуе паркі 18 әуе кемесіне дейін ұлғайды, қызметкерлер саны 2000-нан астам адамға жетті. «Эйр Астана» АҚ Әуе Көлігі Халықаралық Қауымдастығының (IATA) мүшесі болып табылады және Қазақстандағы 145 дерективаның талаптары бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсететін Еуропалық авиациялық қауіпсіздік агенттігімен (EASA) сертификатталған жалғыз әуекомпания болып табылады.



Міндетті ісі

«Эйр Астана» АҚ міндетті ісі – қауіпсіздік пен сервистің ең жоғарғы стандарттарына сәйкес тұтынушылар талабына, компания мүддесіне және Қазақстан Республикасының сұранысына жауап беретін ішкі және халықаралық бағыттар бойынша әуе тасымалын жүзеге асыру.

Мақсаттары мен құндылықтары

1. «Эйр Астана» эксплуатациялық қауіпсіздігінің ең жоғарғы халықаралық стандарттарына жетуге міндеттенеді.
2. «Эйр Астана» жолаушыларға қызмет көрсету деңгейі мен эксплуатациялық сенімділігі бойынша аймақтағы озат әуекомпания болады.
3. «Эйр Астана» компанияның және өз тұтынушыларының мүдделерін ескере отырып, әуе кемелер паркін, ұшу географиясын үнемі ұлғайтып, қызмет сапасын жоғарылатып, бизнес-процестерін жетілдіріп отырады.
4. «Эйр Астана» өз акционерлерімен, іскер серіктестіктерімен, тұтынушылары мен, әріптестерімен адалдық негізінде қатынастар орнатып, іскерлік этиканың қағидаларын ұстанады.
5. «Эйр Астана» қызметкерлердің сіңірген еңбектерінің, кәсіпкерлігінің, жеке жетістіктерінің негізінде және «Эйр Астана» тобын нығайтуға бірлесіп қатысқаны үшін қызметкерлерді қызықтырып, оларға баға қойып, сыйақы береді және олардың мансаптық өсуіне мүмкіндік туғызады.
6. «Эйр Астана» қызметкерлерге әр қызметкерді үздіксіз оқыту бағдарламасы арқылы өз мақсаттарына жету жолындағы барлық мүмкіндіктерді ұсынып отырады.
7. «Эйр Астана» өз мақсаттарын жүзеге асыру бойынша және қоғамдық, мәдени бастамашылыққа қолдау көрсету және қоршаған ортаны қорғау бойынша Қазақстандағы ең сыйлы компаниялардың бірі болуға өзінің бар күшін салады.

Ұйымдық құрылымы



«Эйр Астана» АҚ акционерлері:

- **«Самрұқ» Қазақстандық мемлекеттік активтерді басқару холдингі» АҚ** - акциялардың 51%;
мекен-жайы: Қазақстан, Астана қ., Алматы ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 20/1.
- **БАЕ Системс Лтд** – акциялардың 49%;
мекен-жайы: Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдығы, GU14 6YU, Хэмпшир, Фарнборо, Фарнборо Аэропейс Центр, п/ж 87, Уоруик Хаус.



2007 жылғы «Эйр Астана» АҚ Директорлар кеңесі

01.01.2007 – 08.05.2007

Нигматулин Н.З.,

Төраға, Қарағанды облысының әкімі, Қазақстан Республикасы;

Бектұров А.Г.,

Қазақстан Республикасының көлік және қатынас вице-министрі;

Ибраимов К.У.,

Мемлекеттік қатысуы бар шетел заңды тұлғаларымен жұмыс істеу басқармасының бастығы, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті;

Брэдли Н.,

«Жердегі жүйе бойынша тұтынушыларға арналған қолдау және шешімдер» тобының коммерциялық директоры, БАЕ Системс;

Марш Г.,

«Жердегі жүйе бойынша тұтынушыларға арналған қолдау және шешімдер» бөлімшесінің қаржы директоры, БАЕ Системс;

Маккэн М.,

«Жердегі жүйе бойынша тұтынушыларға арналған қолдау және шешімдер» бөлімшесінің коммерция және сатып алу жөніндегі директор, БАЕ Системс.

08.05.2007 – 05.11.2007

Мыңбаев С.М.,

Төраға, «Самрұқ» Қазақстандық мемлекеттік активтерді басқару холдингі» АҚ Басқармасының төрағасы;

Бектұров А.Г.,

Қазақстан Республикасының көлік және қатынас вице-министрі;

Брэдли Н.,

«Жердегі жүйе бойынша тұтынушыларға арналған қолдау және шешімдер» тобының коммерциялық директоры, БАЕ Системс;

Баттерс Д.,

«Жердегі жүйе бойынша тұтынушыларға арналған қолдау және шешімдер» бөлімшесінің қаржы директоры, БАЕ Системс;

Маккэн М.,

«Жердегі жүйе бойынша тұтынушыларға арналған қолдау және шешімдер» бөлімшесінің коммерция және сатып алу жөніндегі директор, БАЕ Системс;

Сисенбина Г.У.,

Қоғамның тәуелсіз директоры

05.11.2007 – 31.12.2007

Бозұмбаев К.А.,

Төраға, «Самрұқ» Қазақстандық мемлекеттік активтерді басқару холдингі» АҚ Басқармасының төрағасы;

Бектұров А.Г.,

Қазақстан Республикасының көлік және қатынас вице-министрі;

Брэдли Н.,

БАЕ Системс UK-RoW коммерциялық директоры;

Ерл П.,

БАЕ Системс UK-RoW қаржы директоры;

Сисенбина Г.У.,

Қоғамның тәуелсіз директоры;

Лорд Хескет,

Томас Александр,

Қоғамның тәуелсіз директоры;

Кондачкова Е.,

Корпоративтік хатшы

Хегай В.,

Ішкі аудит қызметінің басшысы



Атқарушы орган - президент

Питер Фостер
президент

Питер Фостер мырза өзінің авиация бизнесіндегі мансабын 1982 жылы Кэмбридж Университетін бітіргеннен кейін Cathay Pacific Airways Ltd. құрылтайшысы болып табылатын «John Swire and Sons (HK)» компаниясында басшы-стажер қызметінен бастады. 1982 және 1999 ж.ж. аралығындағы мерзімде менеджер ретінде жұмыс істеп, Гонконг, Азия, Австралия және Еуропада Cathay Pacific Airways Ltd әуекомпаниясының аға менеджері қызметін атқарды, INSEAD-тан Францияда іскерлік басқару бойынша оқудан өтті. Фостер мырза 1999 жылы Cathay Pacific Airways Ltd әуекомпаниясынан шығып, Philippine Airlines Inc әуекомпаниясының реабилитациялық тобын басқарды. Осының нәтижесінде, 2002 жылы Royal Brunei Airlines әуекомпаниясының Бас Атқарушы директоры қызметінде жұмыс істеді. 2005 жылдың 1-қазан күні «Эйр Астана» әуекомпаниясының Президенті қызметіне еніп, бүгінгі күнге дейін осы лауазымда жұмыс істеуде.

Менеджмент

Алма Алигужинова
жоспарлау жөніндегі
Вице-президент

Алма Алигужинова 2001 ж. «Эйр Астана» әуекомпаниясының алғашқы қалыптасу кезеңінде, ұшу жүзеге асырылмай тұрғанға дейін жұмыс істеген алғашқы қызметкерлердің бірі. Алма өз мансабын корпоративтік даму менеджері қызметінен бастаған, кейіннен корпоративтік даму бойынша директоры қызметінде жұмыс істеді. Қазіргі уақытта ол жоспарлау жөніндегі вице-президент қызметінде жұмыс істейді. «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша Шығыс Каролина Университетін (АҚШ) бітіріп іскерлік басқару (MBA) магистрі дәрежесіне ие болды.

Асхат Бейсенбаев
қаржы жөніндегі
вице-президент

Асхат Бейсенбаев «Эйр Астана» әуекомпаниясындағы өз еңбек қызметін 2003 ж. ортасында қаржы жөніндегі вице-президент ретінде бастады. Әуекомпанияға келмес бұрын банк саласында жұмыс атқарып, «Банк Каспийский» АҚ-ның төрағасының орынбасары қызметіне дейін көтерілді. Сонымен қатар басқа компанияларда да бағалы қағаздар нарығымен және инвестициялармен байланысты жобалармен жұмыс істеу тәжірибесі бар. Асхат қаржы және стратегияға мамандана отырып, АҚШ, Атлантада орналасқан Эмори Университетінің қарамағындағы Гойзуэта атындағы бизнес мектебінен іскерлік басқару (MBA) магистрі дәрежесін алып шықты, сонымен қатар Қазақ Мемлекеттік Басқару Академиясын үздік белгімен бітірді. Студенттерді алмастыру бағдарламасы бойынша Германия, Кобленц қаласындағы WHU Отто Байшам атындағы басқару мектебінде оқыды.

Галина Умарова
сатып алу жөніндегі
вице-президент

Галина Умарованың әуетасымалдау саласында тәжірибесі зор. «Эйр Астана» АҚ-на келмес бұрын «Астана халықаралық әуежай» АҚ-ның қаржы директорының қызметінде жұмыс істеген. Галина К.Жұбанов атындағы Ақтөбе Мемлекеттік Университетін бітірді, сонымен қатар мемлекеттік басқару магистрі (ҚМЭБИ) дәрежесіне ие.

Менеджмент

Герхард Коэтзи
(**Gerhard Coetzee**)
корпоративтік
қауіпсіздік жөніндегі
вице-президент

Герхард Коэтзи өзінің еңбек қызметін әскери-әуе күштерінің штурманы ретінде бастаған, түрлі университеттер, олардың қатарында Оңтүстік Калифорния Университеті берген қауіпсіздік (авиациялық) бағдарламасын басқару біліктілігі бар білікті оқиғалар тергеушісі. Коммерция бакалавр дәрежесін алған, Оңтүстік Африка Университетінің көлік экономикасы бойынша үздік дипломы бар. Соңғы 15 жылда белсенді түрде ұшу қауіпсіздігі саласында, соның ішінде Оңтүстік Африка Республикасының ӨӘК ұшу қауіпсіздігінің штаб офицері ретінде және БАЕ Системс компаниясының басқарушы консультанты ретінде қызмет атқарды.

Ербол Оспанов
үкіметпен, ұйымдармен
байланыс және қауіпсіздік
жөніндегі вице-президент

Авиацияда 30 жылдан артық тәжірибесі бар. Ербол Оспанов түрлі қазақстандық әуекомпанияларда жұмыс істеп, мол тәжірибе жинаған. Өзінің авиациялық мансабын екінші ұшқыш ретінде бастаған, кейіннен түрлі әуе кемелерінде ұшқыш-инструктор ретінде ұшты, олардың қатарында «Ту-154», «Боинг-747», «Боинг-757» және «Боинг-767». «Эйр Астана» АҚ вице-президенті бола отырып, ол бірнеше жыл бойы мемлекеттік ұшудың басқарушы-капитаны қызметін атқаруда.

Ашендра Лианаре
(**Ashendra Liyanage**)
сату және маркетинг
жөніндегі вице-президент

Ашендра Лианаре 19 жыл бойы жетекші әуекомпанияларда қызмет атқарып келеді, олардың қатарында: Air Lanka, United Airlines, British Airways, Sri Lankan Airlines, Qatar Airways және Royal Brunei Airlines. Оның сату, маркетинг, тұтынушыларға қызмет көрсетуде, борттық қызмет көрсетуде, әуежайларды пайдалануда, маршруттарды және әуе кемелер паркін жоспарлауда, корпоративтік жоспар құруда керемет жұмыс тәжірибесі бар. Сонымен қатар ол коммерциялық авиацияның білікті ұшқышы. Ұлыбританияның Саутгемптон университетін бітіріп, авиациялық басқару магистрі дәрежесін алған, сонымен қатар Ұлыбританиядағы дипломы бар басқарма институтының мүшесі болып табылады.

Роберт Брайант
(**Robert Bryant**)
инженерлік-техникалық
камтамасыз ету жөніндегі
вице-президент

Роберт Брайанттың авиацияда 40 жылдан астам жұмыс істеп, тәжірибе алған. Осы жылдар аралығында ол келесі ірі компанияларда жұмыс істеген: British Airways, Air Malta және Qatar Airways. Ол еңбек тәжірибесін Хитроу әуежайындағы British Airways компаниясында механик-стажер лауазымында бастаған. «Эйр Астана» компаниясына келер алдында (ақпан 2005) ол Доха қаласындағы Qatar Airways компаниясында еңбек еткен.

Патрик Ротсаерт
(**Patrick Rotsaert**)
ұшуды ұйымдастыру
жөніндегі вице-президент

Патрик – тәжірибелі көшбасшы, менеджер, инспектор, ұшқыш-инструктор және жер бетінде қызмет көрсету нұсқаушысы. Патрик TEA (Trans European Airways), Starline International, Sabena, T.M.B Aviation және Air Aruba сияқты танымал компанияларда жұмыс істеген. Қызмет бабымен Еуропада, Африкада, Солтүстік және Оңтүстік Америкада жұмыс істеуге тура келді. Үш тілді меңгерген – ағылшын, француз және дат тілдері.

Менеджмент

Ибрахим Жанлиел
коммерциялық
жоспарлау директоры

2003 ж. «Эйр Астана» әуекомпаниясына келмес бұрын Ибрахим Жанлыел 9 жыл бойы Түркияның жетекші туристік агенттіктерінде жұмыс істеген. Авиация бизнесіндегі мансабын KLM әуекомпаниясының Алматы қ. өкілдігінде атқарған қызметінен бастады. Менеджер ретінде жұмыс істегенде ол Орта Азия мен Қазақстандағы коммерциялық қызметті ұйымдастыру үшін жауап берді. Ибрахим Bosphorus университетінің (Стамбул) MBA дипломына ие, сонымен қатар ол экономикалық білімін Marmara University-нен алған. Ибрахим Қазақстанның Еуропалық Бизнес қауымдастығының директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

Джерри Митчелл
(Gerry Mitchell)
ақпараттық технология
департаментінің
директоры

Джерри Митчеллдің ақпараттық технология саласында 25-жылдан астам тәжірибесі бар. Көптеген салаларда жұмыс істеген, олардың қатарында авиация, қаржы, салық салу, тау-кен саласы және ақпараттық орталықтар. «Эйр Астана» әуекомпаниясына келмес бұрын Royal Brunei Airlines әуекомпаниясының Ақпараттық технологиялар бөлімін басқарған. Австралия, Фиджи, Индонезия және Брунейдегі ақпараттық технологияларға маманданған компанияларда жоғарғы қызметтерде жұмыс істеген. Австриялық компьютер қоғамының мүшесі, (информатика) бизнес бакалаврының дәрежесіне ие, австриялық университеттерде ақпараттық технологияларды басқару саласы бойынша қосымша мамандық алды.

Алима Заманбекова
бас бухгалтер

Алима Заманбекова әуекомпаниядағы өзінің еңбек қызметін 2003 ж. бас бухгалтер ретінде бастады. «Эйр Астана» компаниясына келмес бұрын көптеген мұнай-газ компанияларында бас бухгалтер болып жұмыс істеген. Алима Шетел тілдері институтының ағылшын тілі факультетін және Қазақ Мемлекеттік Басқарма академиясының «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығын бітірген. Сонымен қатар ол лицензияланған бухгалтер және Қазақстан Республикасының Кәсіби бухгалтерлер палатасының мүшесі болып табылады.

Фред Горман
(Fred Gorman)
борттық қызмет
көрсету жөніндегі ди-
ректор

Борттық қызмет көрсету жөніндегі директор бола отырып, Фред Горман бортсеріктерінің қызметіне, ұшу барысындағы сауық жүйесінің ұйымдастырылуына және борттық тамақтануға жауап береді. Ұлыбританиядағы Мидланд аумағында, сонымен қатар АҚШтағы Нью-Йорк штаты Корнелл университетінен білім алған. Өзінің авиациялық қызметін 1965 ж. сол кездері «Caledonian Airways» деп аталатын шағын әуекомпанияда жұмыс істеуден бастады. Көбінесе шетелде жұмыс істеген: Гонконг, Папуа Жаңа Гвинея, Парсы шығанағының мемлекеттері, Бахрейн және Катар, Бруней Сұлтанаты, Өзірбайжан Республикасы. Борттық қызмет саласында, сондай-ақ жер бетіндегі қызмет көрсету саласында да тәжірибесі бар. Қызмет бабына қарай әуекомпаниялардың бортсеріктерінің қызметіне және борттық тамақтануға жауап берген.

Менеджмент

Оливер Мэтвич
(**Oliver Mathwich**)
жолаушыларға жерде
қызмет көрсету қызметінің
басқарушысы

Оливердің міндеті қазақстандық және халықаралық әуежайларға «Эйр Астана» әуекомпаниясының қызметін көрсету. Оливер өзінің еңбек қызметін Германияда бастаған және авиация саласында 17-жылдық жұмыс өтілі бар. Жер бетіндегі жетекші әлемдік компаниялардың әуежайларында басшылық лауазымдарда жұмыс істеді. «Эйр Астана» әуекомпаниясына келмес бұрын Еуропаның көптеген әуежайлар мен әуекомпанияларының жобаларында жоба басшысы қызметін атқарды.

Зухра Сұлтанова
жұртшылықпен байланыс
жөніндегі директор

Еңбек қызметін 1984 ж. журналист қызметінен бастады. 1988 ж. бастап халықаралық ұйымдарда (USAID, БҰҰ) шектес салада – PR-менеджер ретінде әлеуметпен байланыс бойынша қызмет атқарды. «Эйр Астана» әуекомпаниясына келмес бұрын «Кар-Тел» («Билайн», «К-Мобайл» ұялы байланыс сауда белгілері) телекоммуникациялық компаниясында PR-менеджер қызметінде жұмыс істеді.

Айдар Қашқарбаев
әділет департаментінің
директоры

Айдар Қашқарбаевтың заң саласында 10 жылдан астам тәжірибесі бар. Заңгерлік тәжірибесін 1993 ж. Қазақстан Республикасының Сыртқы Істер Министрлігінде бастаған. «Эйр Астана» әуекомпаниясына келмес бұрын Denton Wilde Sapte құқық компаниясында және KPMG консалтингтік компанияда, сонымен қатар Батыс Қазақстандағы Қарашығанақ мұнай компанияларында: «Kazachaganak Petroleum Operating B.V.» компаниясының құқық департаментінің менеджері қызметін атқарды. Айдар әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің заң факультетін бітірген, сонымен қатар АҚШ, Оңтүстік Иллинойс университетінде “Visiting Scholar” бағдарламасы бойынша тәжірибеден өтті.

Евгения Ни
қызметкерлерді басқару
директоры

Евгения Қарағанды Мемлекеттік университетін бітірген, ағылшын және француз тілдерінің маманы дипломына ие, сонымен қатар ол заң факультетін бітірді. «Эйр Астана» әуекомпаниясында 2002 жылдың қазан айынан бастап әуекомпания президентінің көмекшісі қызметінде жұмыс істей бастады. Әуекомпанияда жұмыс істемес бұрын төрт жыл бойы «Интерконтиненталь» қонақ үйінде жұмыс істеген.

Бердіхан Агмуров
оперативті басқару
орталығының менеджері

Бердіхан Агмуров өз мансабын 1993 ж. Қызылорда қ. әуежайында Казаэронавигация қатарында әуе қатынасын басқару бақылаушысы қызметінен бастады. 1996 ж. супервайзер болып, ал 2000 ж. әуе қатынасын және VIP ұшу қауіпсіздігі департаментінің аға маманы болып тағайындалды. 2001 ж. мен 2003 ж. аралығында Бердіхан Алматы қ. Казаэронавигацияның Әуе қатынасын жоспарлау бойынша Бас Орталығында жұмыс істеді. «Эйр Астана» әуекомпаниясына 2003 ж. келді.

Менеджмент

Елена Обухова
жердегі қызмет көрсету
қызметінің менеджері

Еленаның міндеттеріне Қазақстан және шетел әуежайларындағы жолаушыларға жердегі қызмет көрсетуге қатысты мәселелер кіреді. Ол «Эйр Астана» әуекомпаниясында 2001 ж. қараша айынан бастап істеген алғашқы қызметкерлердің бірі. Әуекомпаниядағы өзінің мансабын түрлі департаменттерде жұмыс істей отырып жасаған, олардың қатарында әкімшілік қызмет және әуежайдың басқа да қызметтері. Елена Обухова өзінің еңбек қызметін жердегі қызмет көрсету бойынша агент ретінде жұмыс істеуден бастаған, кейіннен ауысым бастығы, терминал менеджері қызметтерінде жұмыс істеді. Бүгінгі таңда жердегі қызмет көрсету қызметінің менеджері лауазымында жұмыс істейді.

Сергей Андреев
аймақтық менеджер

«Эйр Астана» әуекомпаниясындағы өз еңбек қызметін 2001 ж. Астана қ. әуежайында аға өкіл қызметінен бастады. 2003 ж. бастап – аймақтық менеджер. 1978 ж. бері азаматтық авиация саласында жұмыс істейді. Еңбек қызметін авиатехник қызметінен бастаған, кейіннен бортмеханик болып, 1997 ж. жолаушыларға жерде қызмет көрсету қызметінің өндірістік қызмет диспетчерінен бастап өкілдік директорының өндіріс бойынша орынбасарына дейін көтерілді. Аймақтық менеджер болып жұмыс істеу кезеңінде Андреев ҚР 14 қаласында өкілдіктер ашты, жолаушыларға қызмет көрсетудің заманға сай технологияларын енгізді.






Біріккен Араб Әмірліктер аспанының құшағында

Есептік 2007 жыл


Жолаушылар тасымалы

2007 ж. тасымалданған жолаушылар саны 2006 ж. салыстырғанда 45%-ға өсті.



Тасымалдау сыйымдылығы

2007 ж. Шекті жолаушы километр саны 2006 ж. салыстырғанда 44%-ға өсті.



Жүйелік қауіпсіздік

2006 ж. бастап «Эйр Астана» АҚ ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі (Safety Management System, SMS) бойынша жұмыс істеп келеді, тиімді өндіру мақсатында 2007 ж. сапаға жауап беруді негізге алған сапа кепілдігінің департаменті құрылды. SMS жүйесін 2009 ж. бастап IATA мүшесі болып табылатын әуекомпаниялардың барлығы ендіруге тиіс, осылайша жүйе барлық деңгейдегі ұшу қауіпсіздігінің мәселелерін интеграциялауға бағытталған.

Сапа кепілдігі бойынша тәуелсіз департаментті құру шешімі іске асырылғаннан кейін қауіпсіздік мәселелеріндегі жауапкершілік бөлінді. Корпоративтік қауіпсіздік департаменті ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламасын басқаруға жауапты, осы арқылы ұшу қауіпсіздігінің тәуекелі мен қауіп-қатерлеріне нақты баға беруге болады. Әуекомпания қызметінің аса маңызды бағыттары бойынша сапа кепілдігі департаменті тәуелсіз ішкі бақылауды жүзеге асырады. Әуекомпанияның сыртқы бақылауын Қазақстан Республикасы Азаматтық Авиация Комитеті, Аруба Азаматтық авиация департаменті, ал техникалық қызмет көрсету мен инженерлік қамтамасыз ету мәселелерін – Ұлыбританияның авиациялық билігі (CAA) жүзеге асырады.


Әуекомпаниядағы қауіп-қатерлерді анықтау бағдарламасы тәуекелдер жайлы хабарлау жүйесін, ұшу ақпаратының шифрін шешу бағдарламасын, болашақта алдын-алу мақсатында авиациялық оқиғаларды зерттеуді, сапа және қауіпсіздік кепілдігінің аудитін жүргізу бағдарламасынан тұрады. Барлық нәтижелер әуекомпаниямен 2007 ж. сатып алынған деректер базасында сақталады. Тәуекелдер санын азайту және жою әрбір әуекомпанияның міндеті, осы арада олардың алдын-алу шаралары ай сайын әр қызметтің кеңесінде басшылар қарамағында қарастырылады. Өндірістік тәуекелдер деңгейін анықтау, олардың санын азайтуға байланысты стратегия жасап шығару, сонымен қатар жасалған шараларға баға беру мақсатында әуекомпанияның жоғарғы басшылығының кеңесімен ай сайын әуекомпанияның президентінің қарамағында қарастырылады.

«Эйр Астана» қызметкерлердің білім деңгейін ұшу қауіпсіздігінің стандарттарына сәйкестендіру және тәуекелдердің алдын-алуға ықпалын тигізетін әуекомпаниядағы қауіпсіздік мәдениетін құру мақсатында білім беруге тиімді түрде қаржы салымдарын жасайды. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуші қызметкерлер Part-147 ережелері бойынша сертификацияланған Еуропалық авиация қауіпсіздік агенттігінің білім беру орталықтарында білім алады. Ұшқыштар мен бортсеріктер білім деңгейі EU-OPS ережелерінде анықталған еуропалық әуе кемелерін пайдалану талаптарына сәйкес келеді. Әуе көліктерінің халықаралық қауымдастығы (IATA) және Еуропаның біріккен авиациялық билігі (JAA) сияқты білім беру орталықтарында жетекші университеттердің бағдарламаларына сәйкес ұшу ақпараттарын бақылаудан бастап, адам факторының әсері және экипаж пен бортсеріктердің ресурстық басқару пәніне дейін оқытылады. Ағылшын тілін оқу мүмкіндігі әркім үшін қол жетерлік және 2007 ж. бастап барлық ұшқыштар ағылшын тіліндегі бағдарламаларды меңгере бастады.

Ұшу қауіпсіздігінің басымдылығын әуекомпанияның мақсаттары мен міндеттерінен ғана емес, сонымен қатар әуе кемелер жабдықтарын жаңартуға, ӘК үстінде қатқан мұзды алу машиналарын сатып алуға, сонымен қатар әлемнің ең жоғарғы стандарттарына сәйкес дағдарыстық орталығын құруға салған қаржысынан да байқауға болады. «Эйр Астана» АҚ ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерінде айтарлықтай нәтижелерге жетті, осыған қарамастан оның қызметі бар тәжірибесін жақсартуға және дамытуға бағытталған. Осының куәлігі ретінде 2007 ж. әуекомпанияның IATA (IOSA аудиті) эксплуатациялық қауіпсіздігінің халықаралық аудитінен сәтті өткеніне қарамастан, эксплуатациялық рәсімдерін әрдайым бақылау жұмысын келтіруге болады.

Өнім мен брендты дамыту


Қазақстанда туризмді дамыту және әуекомпания брендын таныту мақсатында «Эйр Астана» Қазақстан Республикасының Елшілігімен бірге Ұлыбританияда «Жыл бойы Қазақстанға келе беріңіздер» атты кампанияны іске қосты. Жарнама Лондон қ. аумағында 25 метро станцияларында орналастырылды.



London Amsterdam Frankfurt Hanover Moscow Dubai Istanbul Delhi Bangkok Beijing Seoul

From the heart of Eurasia

www.airastana.com

 **air astana**

Брендті барлық нарықтарға танымал ету – компания стратегиясының бір бөлігі. Осы бағытта «Эйр Астананың» Қазақстан велоспорт Федерациясына, Футбол Федерациясына, регбистер Одағына, Гольфтың Ашық Жарысына демеушілік көрсетуі маңызды бастама болды. Осы бағыттағы демеушілік әуекомпанияның жағымды имиджін біздің елде ғана емес, сонымен қатар тыс жерлерде ілгерілетуге ықпалын тигізеді.

Өнім мен брендты дамыту

Борттық қызмет көрсету өнімі

Бизнес класс. Борттық қызмет көрсету деңгейі жаңа ас үй жабдықтары мен ас мәзірін, сусындар мен тамақ тарату арбаларын, жақсартылған IFE құлақшындарын, көрпе және бизнес-класс жолаушыларына арналған жаңа жол жиынтығын енгізгеннен бері айтарлықтай жоғарылады. Ас мәзірі кейбір бағыттар бойынша қосымша таңдау (сорпа және жеке нан себетін) ұсыну жолымен кеңейтілді.






Эконом класс. Эконом-класс сервисіне жаңа ыдыс-аяқ және ас мәзірі, сонымен қатар жаңа құлақшындар қосылды.

ӘК бортындағы сауықтыру бағдарламалары. Орыс тілінде дубляж жасалған фильмдердің саны мен сапасын жақсарту мақсатында, сонымен қатар фильмдерді жалға берудің ерте кезеңдерінде алу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету мақсатында борттағы сауықтыру бағдарламасы өнімдерін жеткізіп берушілер қайта таңдалды.

Өнім мен брендты дамыту

Жиі ұшатын жолаушыларға арналған марапаттау бағдарламасы

Жиі ұшатын жолаушыларға арналған Nomad Club марапаттау бағдарламасы 2007 ж. 1 желтоқсанында іске қосылды. Алғашқы айдың өзінде 6500 қатысушы тіркелді. Бағдарлама үш деңгейден тұрады – Алтын Номад, Күміс және Көк. Ең басында қатысушы көк түсті картаға ие болады, ал келешекте жинап алған ұпайлар санына байланысты «күміс» немесе «алтын» карталардың иегеріне айналады. Бағдарламаның элиталық деңгейі қатысушыға бірқатар артықшылықтарды пайдалануға мүмкіндік береді, олардың ішінде тіркеу кезіндегі артықшылық, қосымша бонустар, қосымша қолжүгін алып өтуге рұқсат және ұшудың класына қарамастан арнайы күту залдарына кіру рұқсаты (тек «алтын» карталардың иелері үшін).





Жолаушыларды тасымалдау қызметін сатуды ұйымдастыру

Сату аймақтарын кеңейту

«Эйр Астана» әуекомпаниясы Бүкіләлемдік есеп айырысудың жоспар-жүйесіне (Bank Settlement Plans - BSP) және IATA-BSP біріктірушілер жүйесіне (IBCS) қосылып, өз нарығын кеңейтті, сондай-ақ әуекомпанияның бағыттық торабынан тыс жатқан кейбір аймақтарда (оффлайн аймақтарда) сату бойынша бас агенттерді тағайындады:

АҚШ, Канада, Италия, Франция, Бельгия, Ирландия, Чех Республикасы, Польша, Венгрия, Монғолия, Австралия, Жаңа Зеландия, Филиппин, Гонконг, Вьетнам, Индонезия, Сингапур, Тайвань, Жапония, Бахрейн, Кувейт, Доха, Оман, Сауд Арабиясы, Иордания, Пәкістан, Қырғызстан.

2007 ж. оффлайн нарығы 2006 ж. қарағанда шамамен 50%-ға өсті. Компания әлеуетті оффлайн нарықтарын кеңейтуді жалғастырып келеді, олардың бір бөлігі 2009/2010 жж. ұшуды орындайтын әлеуетті аймақтарға айналуы мүмкін.

Ақпараттық технологияларды дамыту


Интернет арқылы брондау жүйесі

2007 ж. ортасында «Эйр Астана» өзінің интернет арқылы төлеу мүмкіндігі бар интернет арқылы брондау жүйесін енгізеді. Сатудың анағұрлым үлкен бөлігі (80%) шет елдерде, ал қалған 20% ішкі нарықта іске асырылды.

Интернет арқылы брондау жүйесі орын бекіту механизмдерін әуекомпанияның веб-сайты арқылы билеттерді төлеу мүмкіндігін біріктіретін ақпараттық технологиялардың инфрақұрылымы болып табылады. Бұл жүйе әуекомпания қызметтерін ілгері жылжыту құралын жасау үшін ғана емес, айтарлықтай дәрежеде, жолаушылардың әуекомпания қызметтеріне қол жеткізу мүмкіндігін жақсарту үшін де арналған. Бұл жаңа енгізілімдер «Эйр Астананың» өкілдіктері жоқ шет елдерде билет сатудың көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Электрондық билеттер

Электрондық билеттер барлық табыстың 10% құрай отырып, «Эйр Астананың» бүкіл бағыттар торабы бойынша енгізілді. Электрондық билеттердің сатылуы Ғаламдық Сақталым Жүйелерінде (Global Distribution Systems – GDS's), ал атап айтқанда АМАДЕУС, ГАЛИЛЕО және АБАКУС жүйелерінде ашылады.



Тәуекел және тәуекелдерді басқару

Негізгі тәуекелдер мен белгісіздіктер

«Эйр Астана» АҚ-ның бизнесіне тән операциялық қызметтің қиыншылықтары авиаиндустрияның мұқият реттелетін және бәсекелесетін ортасымен бірлесіп отырып, Компанияны әртүрлі тәуекелдерге ұшыратады. Олардың көпшілігі, мысалы, мемлекеттік нормативтік құжаттардағы өзгерістер, террористік актілер және қаржыландыруға қол жеткізу сияқтылары белгілі бір деңгейге дейін азайтылуы мүмкін, бірақ әуекомпанияның бақылау шегінен тыс қалып отыр.

Төменде сипатталған тәуекелдер мен белгісіздіктер «Эйр Астана» АҚ-ның ұзақ мерзімді қызметіне елеулі әсерін тигізуі мүмкін факторлар болып табылады.

Жанармай бағасы

«Эйр Астана» жылына авиациялық жанармайдың жуықтап алғанда екі жүз тоннасын тұтынады. 2007 ж. жанармайға кеткен шығындар компанияның операциялық шығындарының 23% дерлік құрайды, сөйтіп, мұнай мен авиациялық жанармай бағаларының өзгеруі операциялық нәтижелерге айтарлықтай әсерін тигізуі мүмкін. Бұл тәуекел жанармай салымымен жартылай өтеледі; Компания оны халықаралық маршруттарда енгізген болатын. Компанияда әуежанармай бағаларын сақтандыру бағдарламасын 2007 ж. қолдану көзделмеген.

Ғаламдық экономикалық құлдырау/ Несиелік дағдарыс

«Эйр Астана» табысы компанияның қызмет істеп жатқан нарықтарындағы экономикалық жағдайларға өте сезімтал. Қаржылық қызмет көрсету секторы – «Эйр Астана» клиенттерінің арасындағы негізгі сегменттердің бірі, және де банк индустриясының таяудағы қиыншылықтары компания табысы үшін әжептәуір тәуекел көзін құрайды.

Әуекомпаниялар тұтынатын қорлар мен қызметтер бағасын ұлғайту

Жоғары инфляция компания шығындарын едәуір ұлғайтады және операциялық маржаға жағымсыз әсерін тигізеді.

Үкіметтің араласуы

Авиаиндустрияны реттеу саласының ауқымы слоттардың қолжетімдігі мен ұшу маршруттарын іске асыру құқықтарына қатысты инфрақұрылым мәселелерінен бастап экологиялық талаптар мен қауіпсіздік мәселелеріне дейінгі аралықта жатыр. «Эйр Астананың» операциялық және қаржылық көрсеткіштерін жоғарғы деңгейде ұстап тұру үшін сол реттеуші талаптарға сәйкес болу қабілеті, сол сияқты олардың ішіндегі өзгерістерге ықпал ету қабілеті де негізгі фактор болып табылады.

Тарифтердің өсуі мен жанармай бағаларының өсуіне өтемақы ретінде жанармай салымын енгізуді шектейтін антимонопольдық реттеу

«Эйр Астана» АҚ бағыттардың ішкі желісіндегі басымды оператор ретінде ішкі бағыттарда тарифтердің ұлғайтылуына негіздеме беруді талап ететін Қазақстан Республикасының антимонопольдық реттеудің объектісі болып табылады.

Қаржы салу

«Эйр Астананың» әуе паркінің жоспарлы өсуіне қатысты мерзімдер, ұшақтар саны немесе әуе кемесінің түрі тұрғысынан алғандағы бұрыс шешім компанияның келешектегі қызметіне елеулі қолайсыз әсерін тигізуі мүмкін.

Корпоративтік басқару

Қоғам корпоративтік басқаруды Қоғамның қызметінің тиімділігін көтеру, оның беделін нығайту және оған капитал тартудың шығындарын азайту құралы ретінде қарастырады.

Қоғамның корпоративтік басқаруы әділеттілік, адалдық, жауапкершілік, айқындылық, кәсіпқойлық пен құзыреттілік негіздерінде құрылады. Корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы Қоғам қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қадірлеуді көздейді және Қоғамның табысты қызметіне, соның ішінде оның құндылығының өсуіне, қаржылық тұрақтылық пен табыстылықты ұстап тұруға септігін тигізеді.

Қоғам органдары жүйесінің құрылымы:

Акционерлердің жалпы жиналысы
Қоғамның жоғарғы органы;

Директорлар кеңесі
басқару органы;

Президент
жеке дара атқарушы орган;

Ішкі аудит қызметі
Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылауды іске асыратын орган.

Корпоративтік басқару органдары





Корпоративтік басқару

Акционерлердің жалпы жиналысы

Қоғамның жоғарғы органы барлық стратегиялық шешімдерді және Директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша Қоғамның ірі мәмілелерді жасасуы туралы шешімдерді қабылдауға уәкілетті болатын **Акционерлердің жалпы жиналысы** болып табылады.

Мәжіліс күні Акционерлердің жалпы жиналысында қарастырылған мәселелер

-
- | | |
|----------------|--|
| 8 мамыр | <ul style="list-style-type: none">• Қоғамның 2007 жылға нақтыланған жылдық бюджетін (табыстар мен шығындар сметасын) бекіту;• Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын және уәкілеттік мерзімін анықтау, Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау. |
|----------------|--|
-
- | | |
|-----------------|---|
| 19 мамыр | <ul style="list-style-type: none">• Қоғамның төмендегі компаниялармен ірі мәмілелер жасасуы туралы Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімін бекіту:<ul style="list-style-type: none">- International Lease Finance Corporation (ILFC) компаниясымен Airbus A320 текті үш әуе кемесінің лизингі бойынша;- «Nika-Munai» ЖШС-мен және «ARNA Petroleum» ЖШС-мен авиациялық керосинді жеткізу бойынша;• Қоғамның ішкі аудит қызметін (бұрынғы тексеру комиссиясын) сайлау. |
|-----------------|---|
-
- | | |
|------------------|---|
| 19 маусым | <ul style="list-style-type: none">• Қоғамның төмендегі компаниялармен ірі мәмілелер жасасуы туралы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2007 жылғы 18 маусымдағы шешімін бекіту:<ul style="list-style-type: none">- «ARNA Petroleum» ЖШС-мен және «Asia-Munai» ЖШС-мен авиациялық керосинді жеткізу бойынша;- «Казахинстрах» Шетелдік сақтандыру жөніндегі компания» АҚ-мен авиациялық тәуекелдерді сақтандыру бойынша;- EAS Industries компаниясымен C-Check нысаны бойынша «Boeing 737-700/800» үш әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету, «Boeing 737-700/800» типті әуе кемелерін шығындық материалдармен қамтамасыз ету, «Boeing 737-700/800» типті әуе кемелеріне құрам бөлшектерін сатып алу, «Boeing 737-700/800» типті әуе кемелеріне арналған құрам бөлшектерге күрделі жөндеу жүргізу, «Boeing 737-700/800» типті әуе кемелеріне арналған құрам бөлшектерді C-Check нысаны бойынша ұсыну;- SAMCO Aircraft Maintenance B.V. компаниясымен C-Check нысаны бойынша Fokker 50 әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету, Fokker 50 типті әуе кемелерінде ұшуға жарамдылық директиваларын, сервистік бюллетендерді, түрэггертулерді, конфигурацияларды орындау, Fokker 50 типті әуе кемелеріне арналған құрам бөлшектерге күрделі жөндеу жүргізу және техникалық қызмет көрсету, Fokker 50 типті әуе кемелеріне арналған қосалқы бөлшектер мен құрам бөлшектерді ұсыну, Fokker 50 типті әуе кемелеріне арналған шығындық материалдармен қамтамасыз ету, C-Check нысаны бойынша Fokker 50 типті әуе кемелеріне арналған құрам бөлшектерді сатып алу бойынша;- GE Engine Services, Inc компаниясымен жөндеу жұмысын орындау және «Boeing 767» типті әуе кемелерінің CF6 қозғалтқышын лизингке беру, «Boeing 767» типті әуе кемелері үшін күрделі жөндеу және құрам бөлшектеріне техникалық қызмет көрсету бойынша; |
|------------------|---|

Корпоративтік басқару

Мәжіліс күні Акционерлердің жалпы жиналысында қарастырылған мәселелер

	<ul style="list-style-type: none"> Қоғамның төмендегі компаниялармен ірі мәмілелер жасасуы туралы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2007 жылғы 26 ақпандағы шешімдерін бекіту: <ul style="list-style-type: none"> “Компания Кагорта” ЖШС-мен және “ARNA Petroleum” ЖШС-мен авиациялық керосинді жеткізу бойынша; A.J. Walter (Aviation) Limited компаниясымен «Boeing 757-200» әуе кемелеріне арналған құрам бөлшектерді және қосалқы бөлшектерді жеткізу бойынша; NMC Eastern European Computerised Reservation Services B.V. компаниясымен авиажолаушыларға орын бекіту автоматтық жүйесінің қызметін сатып алу бойынша.
16 шілде	<ul style="list-style-type: none"> Қоғам президентінің қоғамның 2006 жылғы қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есебі; Қоғамның 2006 жылғы жылдық қаржылық есептілігін бекіту; Қоғамның 2006 жылғы таза пайдасын үлестіру тәртібін бекіту; жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және 2006 жылдың нәтижелері бойынша Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту; дивидендтерді төлеу көздері мен тәртібі туралы шешім қабылдау; Қоғамның төмендегі компаниялармен ірі мәмілелер жасасуы туралы Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімін бекіту: <ul style="list-style-type: none"> “ARNA Petroleum” ЖШС-мен авиациялық керосинді жеткізу бойынша; «Tulpar Avia Service» Авиациялық компаниясы» АҚ-мен әуе кемелерінің сулы лизингі бойынша қызмет көрсету бойынша; «Aviation Technical Centre of Almaty International Airport» ЖШС-мен «Алматы халықаралық әуежайы» АҚ-ның аумағындағы ангарлық кешенді жалға алу бойынша.
15 тамыз	<ul style="list-style-type: none"> Қоғамның Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу; Қоғамның төмендегі компаниялармен ірі мәмілелер жасасуы туралы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2007 жылғы 1 тамыздағы шешімін бекіту: <ul style="list-style-type: none"> “ARNA Petroleum” ЖШС-мен және “Ника-Мунай” ЖШС-мен авиациялық керосинді жеткізу бойынша; «Глобалинк Транспортэйшн энд Лоджистикс Ворлдвайд» ЖШС-мен халықаралық көліктік-логистикалық қызметтерді сатып алу бойынша.
5 қараша	<ul style="list-style-type: none"> Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау; Қоғамның Директорлар кеңесінің уәкілеттігінің мерзімін белгілеу.
7 желтоқсан	<ul style="list-style-type: none"> Қоғамның 2008 жылға жылдық бюджетін бекіту; Қоғамның 2008–2012 жылдарға бизнес-жоспарын және Қоғамның 2008–2010 жылдарға даму жоспарын бекіту; Қоғамның “ARNA Petroleum” ЖШС-мен авиациялық керосинді жеткізу бойынша ірі мәміле жасасуы туралы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2007 жылғы 6 желтоқсандағы шешімін бекіту; Қоғамның ішкі аудит қызметі басшысының лауазымына тағайындалуға үміткерді бекіту; Қоғамға 2007 жыл үшін аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды белгілеу; Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау; Қоғамның тәуелсіз директорларына сыйақы және (немесе) өтемақы мөлшері мен төлеу шарттарын бекіту; Қоғам президенті сыйақысының және/немесе өтемақысының мөлшері мен төлеу шарттарын бекіту.

Корпоративтік басқару

Директорлар кеңесінің мәжілістері

Директорлар кеңесі – Қоғамның стратегиясын әзірлеу, оның қызметін жалпы басқару және Атқарушы органның қызметіне бақылау жүргізу үшін жауап беретін басқару органы. Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын мәселелерден басқа Қоғам қызметінің барлық мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысымен кумулятивті дауыс беру арқылы сайланып 6 (алты) мүшеден тұрады: Директорлар кеңесінің 2 (екі) мүшесі «Мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі «Самрұқ» қазақстандық холдингі» акционерлік қоғамы тарапынан ұсынылады, Директорлар кеңесінің 2 (екі) мүшесі «БАЕ Системс Лтд» (Қазақстан) тарапынан, және 2 (екі) мүшесі тәуелсіз директорлар болып табылады.

2007 ж. Директорлар кеңесінің сегіз мәжілісі өткізілді, соның ішінде екеуі сырттай.

Мәжіліс күні Директорлар кеңесімен қарастырылған мәселелер

-
- | | |
|------------------|--|
| 26 ақпан | <ul style="list-style-type: none">• Қоғамның төмендегі компаниялармен ірі мәмілелер жасасуы:<ul style="list-style-type: none">- “Компания Кагорта” ЖШС және “ARNA Petroleum” ЖШС-мен авиациялық керосинді жекізу бойынша;- A.J. Walter (Aviation) Limited компаниясымен «Boeing-757-200» әуе кемелері үшін құрам бөлшектер мен қосалқы бөлшектерді жеткізу бойынша;- NMC Eastern European Computerised Reservation Services B.V. компаниясымен авиажолаушыларды алдын ала бекіту бойынша автоматтық жүйе қызметтерін сатып алу бойынша;- Portal Worldwide Ltd. компаниясымен жол жинақтарын жеткізу бойынша;• Қоғамның 2007 жылға нақтыланған жылдық бюджетін (табыстар мен шығындар сметасын) алдын-ала бекіту. |
| <hr/> | |
| 08 мамыр | <ul style="list-style-type: none">• Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамы мен уәкілеттік мерзімін анықтау мәселесін қарастыру және Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Қоғам акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру. |
| <hr/> | |
| 18 мамыр | <ul style="list-style-type: none">• Қоғамның төмендегі компаниялармен ірі мәмілелер жасасуы:<ul style="list-style-type: none">- International Lease Finance Corporation (ILFC) компаниясымен Airbus A320 текті үш әуе кемесінің лизингі бойынша;- «Ника-Мунай» ЖШС және “ARNA Petroleum” ЖШС-мен авиациялық керосинді жеткізу бойынша. |
| <hr/> | |
| 18 маусым | <ul style="list-style-type: none">• Қоғамның төмендегі компаниялармен ірі мәмілелер жасасуы:<ul style="list-style-type: none">- “ARNA Petroleum” ЖШС және “Азия-Мунай” ЖШС-мен авиациялық керосинді жеткізу бойынша;- «Шетелдік сақтандыру жөніндегі «Казахинстрах» компаниясы» АҚ-мен авиациялық тәуекелдерді сақтандыру бойынша;- EAS Industries компаниясымен C-Check нысаны бойынша «Boeing 737-700/800» үш әуе кемесіне техникалық қызмет көрсету, «Boeing 737-700/800» типті әуе кемелерін шығындық материалдармен қамтамасыз ету, «Boeing 737-700/800» типті әуе кемелеріне құрам бөлшектерін сатып алу, «Boeing 737-700/800» типті әуе кемелеріне арналған құрам бөлшектерге күрделі жөндеу жүргізу, «Boeing 737-700/800» типті әуе кемелеріне арналған құрам бөлшектерді C-Check нысанымен ұсыну бойынша; |

Корпоративтік басқару

Мәжіліс күні Директорлар кеңесімен қарастырылған мәселелер

- SAMCO Aircraft Maintenance B.V. компаниясымен C-Check нысаны бойынша Fokker 50 әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету, Fokker 50 типті әуе кемелерінде ұшуға жарамдылық директиваларын, сервистік бюллетендерді, түрөзгертулерді, конфигурацияларды орындау, Fokker 50 типті әуе кемелеріне арналған құрам бөлшектерге күрделі жөндеу жүргізу және техникалық қызмет көрсету, Fokker 50 типті әуе кемелеріне арналған қосалқы бөлшектер мен құрам бөлшектерді ұсыну, Fokker 50 типті әуе кемелеріне арналған шығындық материалдармен қамтамасыз ету, C-Check нысаны бойынша Fokker 50 типті әуе кемелеріне арналған құрам бөлшектерді сатып алу бойынша;
 - GE Engine Services Inc. компаниясымен жөндеу жұмысын орындау және «Boeing 767» типті әуе кемелерінің CF6 қозғалтқышын лизингке беру, «Boeing 767» типті әуе кемелері үшін күрделі жөндеу және құрам бөлшектеріне техникалық қызмет көрсету бойынша;
 - Қоғамның 2007–2016 жж. әуе кемелері паркі бойынша алдын-ала жоспары және әуе кемелері бойынша жоспарға сәйкес жеткізу мерзімдері мен құнын нақтылау үшін әуе кемелері мен авиациялық қозғалтқыштар өндірушілерімен келіссөздер жүргізуді Қоғам президентіне тапсыру.
-

- 27 - маусым**
- Қоғам президентінің 2006 жыл үшін және 2007 жылдың алғашқы 5 айы үшін Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есеп беруі;
 - Қоғамның 2006 ж. жылдық қаржылық есептілігін алдын-ала бекіту;
 - Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысына 2006 ж. үшін дивидендтер төлеуге қатысты ұсыныстар беру;
 - әуе кемелерінің өндірушілері – «Боинг» және «Эйрбас» компанияларына, сондай-ақ қозғалтқыш өндірушілеріне 6 тарфюзеляждық және 3 кеңфюзеляждық ӘК тұрақты тапсырыс беру мақсатымен ұсыныстар беруіне, сондай-ақ 2009–2015 жж. аралығындағы жеткізілу мерзімдерімен тағы да 6 тарфюзеляждық және 2 кеңфюзеляждық ӘК жеткізуге опциондарға, өндірушілердің слоттары бар болған шарттарда, сұраным жіберілуі туралы Қоғам президентінің ақпараты;
 - Қоғамның төмендегі компаниялармен ірі мәмілелер жасасуы:
 - «ARNA Petroleum» ЖШС-мен авиациялық керосинді жеткізу бойынша;
 - «Tulpar Avia Service» Авиациялық компаниясы» АҚ-мен әуе кемелерінің сулы лизингі бойынша қызмет көрсету бойынша;
 - «Aviation Technical Centre of Almaty International Airport» ЖШС-мен «Алматы Халықаралық әуежайы» АҚ-ның аумағындағы ангарлық кешенді жалға алу бойынша.
-

- 1 тамыз**
- Қоғамның төмендегі компаниялармен ірі мәмілелер жасасуы:
 - «ARNA Petroleum» ЖШС және «Ника-Мунай» ЖШС-мен авиациялық керосинді жеткізу бойынша;
 - «Глобалинк Транспортэйшн энд Лоджистикс Ворлдвайд» ЖШС-мен халықаралық көліктік-логистикалық қызметтерді сатып алу бойынша;
 - Қоғамның «Қазкоммерцбанк» АҚ-да есептік және валюталық шоттарды ашу туралы шешімді бекіту.
-

- 6 желтоқсан**
- Қоғам президентінің 2007 жылдың 9 айы үшін Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есеп беруі;

Корпоративтік басқару

Мәжіліс күні Директорлар кеңесімен қарастырылған мәселелер

- Қоғамның 2008 ж. жылдық бюджетін алдын-ала бекіту;
- Өуе кемелері мен авиациялық қозғалтқыштарды өндірушілерге тапсырыстар беру мәселесі бойынша ақпарат;
- Қоғамның 2008–2012 жылдарға Стратегиялық даму бағыттарын, Қоғамның 2008–2012 жылдарға Бизнес-жоспарын, 2008-2010 жылдарға Даму жоспарын алдын-ала бекіту;
- 2013–2022 жылдарға ұзақ мерзімді болжам;
- Қоғамның “ARNA Petroleum” ЖШС-мен авиациялық керосинді жеткізу бойынша ірі мәміле жасасуы;
- Қоғамның 2007 жылғы қаржылық есептілігіне аудит жасайтын аудиторлық ұйымның қызметіне төленетін ақы мөлшерін анықтау;
- Қоғамның іссапарларға жіберілетін жұмыскерлеріне шығындарын өтеу тәртібі мен шарттарын бекіту;
- Қызмет бабындағы жеңіл автомобильдерді беру нормативтерін және Қоғамның өкімшілік аппаратын орналастыру үшін бөлінетін аудан нормасын жыл сайынғы бекіту;
- Жұмыскерлерге ұялы байланыс пен өкілдік шығындардың лимиттерін пайдалану құқығын берген кезде Қоғам қаражаты есебінен өтелетін шығындардың шектерін жыл сайынғы бекіту;
- Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп беретін Қоғамның ішкі аудит қызметін құру; Қоғамның ішкі аудит қызметінің басшысы лауазымына үміткерді алдын-ала мақұлдау; Қоғамның ішкі аудит қызметінің штаттық санын бекіту; Қоғамның ішкі аудит қызметінің басшысы мен жұмыскерлерінің еңбек ақысының мөлшері мен төлеу шарттарын анықтау.
- Қоғамның корпоративтік хатшысын тағайындау, оның уәкілетінің мерзімін, сондай-ақ лауазымдық жалақысы мен оған сыйақы төлеу шарттарын анықтау;
- Қоғамның президентімен еңбек шартының жобасын бекіту.

-
- 14 желтоқсан**
- Қозғалтқыштары қондырылған реактивті тарфюзеляжды жаңа алты өуе кемесін өндіру және қозғалтқыштары қондырылған А320 (А319/320/321) текті өуе кемелерінің үш опционын сатып алу туралы «Эйрбас» компаниясымен; Роллс-Ройс авиациялық қозғалтқыштары қондырылған реактивті кеңфюзеляжды жаңа үш «В787-8» өуе кемесін өндіру, сондай-ақ Роллс-Ройс авиациялық қозғалтқыштары қондырылған «В787-8» кеңфюзеляжды өуе кемелеріне үш сатып алу құқығын (purchase rights) және тоғызға дейін өтпелі сатып алу құқықтарын (rolling purchase rights) сатып алу туралы Боинг және Роллс-Ройс компанияларымен ниет-хаттарға қол қою туралы Қоғам президентінің ұсыныстары.



Корпоративтік басқару

Атқарушы орган

«Эйр Астана» АҚ-ның ағымдағы қызметін басқаруды президент, Қоғамның жеке дара атқарушы органы іске асырады. Президент акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті. Президент акционерлердің Жалпы жиналысымен сайланады, және де сайлануға дейін ол JAR Ops, JAR 145 стандарттарына және өзге де тиісті халықаралық стандарттарға сәйкес қызмет істейтін әуекомпанияларда басқарушылық немесе жетекші лауазымдарда кем дегенде 10 (он) жыл жұмыс істеуі тиіс. Президенттің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен, Қоғамның жарғысымен, сондай-ақ Қоғамның атынан Директорлар кеңесінің төрағасымен қол қойылатын жеке еңбек шартымен анықталады.

Ішкі аудит қызметі

Ішкі аудит қызметі – қадағалау мен мониторинг арқылы Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жүргізетін, Қоғамның қаржылық және экономикалық қызметіне баға беретін, Қоғамның ішкі рәсімдері

мен саясаттарының сақталуына баға беретін, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласына, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуына баға беретін және Қоғамның қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беретін орган.

Корпоративтік хатшы

Қоғамның корпоративтік хатшысы лауазымы Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша 2007 жылдың 6 желтоқсанында енгізілді. Корпоративтік хатшы Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғаларының Акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдердің орындауын қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ Қоғамның корпоративтік басқару аясындағы Заңнамаға және Жарғы ережелері мен Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сүйенуі үшін жауап береді. Сонымен қатар Корпоративтік хатшы Қоғам органдары арасындағы тиімді ақпарат алмасуға да септігін тигізеді және Директорлар кеңесі мүшелері мен Қоғамның атқарушы органы үшін басқару мәселелері бойынша кеңесші қызметін атқарады.

Акционерлер мен инвесторлар үшін

Дивидендтер

2006 жылы Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері 59 368 (елу тоғыз мың үш жүз алпыс сегіз) теңге 68 тиын болды.

2007 жылы Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері 63 707 (алпыс үш мың жеті жүз жеті) теңге 50 тиын болды.

Акционерлік қоғамның тіркеушісі

«Фондовый Центр» АҚ
Заңды мекен-жайы: Қазақстан, 050012, Алматы қ., Мәуленов к-сі, 92
Орналасқан жері: Қазақстан, 050091, Алматы қ., Желтоқсан к-сі, 79а
тел. (7272) 508961
факс (7272) 501696



Тайланд аспанының құшағында

Әлеуметтік жауапкершілік



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

1. Қызметкерлерді басқару департаментінің мақсаттары

Қызметкерлерді басқару департаментінің жұмысы беріліп қызмет істейтін жұмыскерлерді тартатын әрі ұстап тұратын біріккен, жауапкершілікті, жоғары өнімділікті, достық қалыпты жұмыс атмосферасын құруға бағытталған.

Жұмыстың мақсаттары мен негізгі бағыттары:

1. Қызметкерлерге әрбір қызметкерді үздіксіз оқыту бағдарламасы арқылы компанияның жалпы мақсаттарына жету жолында даму үшін барша мүмкіндік беру.
2. Қызметкерлердің істеген қызметіне қарай, кәсіпқойлығының, жеке жетістіктерінің және компанияның командалық рухын нығайтудағы бірлескен үлесі негізінде оларды тарту, бағалау, сыйақы беру және мансаптық өсуіне ықпалдасу.

2. Компания қызметкерлері

2007 жылы Қазақстан Республикасының экономикасы әлі де болса қарқынды өрлеуде болды, бұл әрине, жоғары білікті мамандарды іздестіру қиындығына, сондай-ақ қызметкерлердің әдеттегіден жоғары ағымдылығына өз әсерін тигізді. Бұл беталыс қазақстандық еңбек нарығында бүкіл жыл бойы байқалды. Сол уақытта компанияның 2007 жылға құрған қызметті әрі қарай кеңейту мен паркті ұлғайту жоспары компанияның барлық салаларына мамандар тартуды талап етті. Сондықтан да қызметкерлерді басқару департаментінің негізгі міндеті жоғары білікті мамандарды іздестіру және оларды жұмысқа тарту, Азаматтық Авиация академиясымен тығыз ынтымақтастық, дарынды студенттерді кейіннен жұмыспен қамтамасыз етілетіндей етіп, компанияға тәжірибе алуға тарту болды. Ең үздік мамандарды ұстап қалу, қызметкерлерді уәждеу және кадрлық құрамның біліктілік деңгейін көтеру мәселелері бүкіл жыл бойы басымды болып қала берді. Бір жыл ішінде 545 адам жұмысқа тартылды, ол 2006 ж. салыстырғанда тура сол көрсеткіштерден 26,2% жоғары.

Әлеуметтік жауапкершілік

2007 ж. қызметкерлердің тізімдік саны

Ұшқыштар құрамы	213
Бортсеріктер қызметі	673
ӘК техникалық қызмет көрсету қызметі	159
Әуежай қызметтері	378
Өзге қызметкерлер	870
Жиыны	2293

Компанияда 65% жоғары білімді адам қызмет етеді, қызметкерлердің орташа жасы – 31 жас, ер адамдар мен әйел адамдардың арақатынасы – 48% : 52%.


3. Корпоративтік оқыту және дамыту

«Эйр Астана» АҚ-ның маңызды бағыттарының бірі жұмыскерлерді оқыту және дамыту болып табылады. Компанияның бүкіл өндірістік-техникалық қызметкерлері Лондон, Амстердам, Дубай, Ыстамбул, Тулуза, Ганновер қалаларының ең үздік авиациялық оқу орталықтарында оқытылады.

2007 ж. нәтижелері бойынша даярлықтан, қайта даярлықтан өтіп, біліктілікті көтергендер:

Лауазымы	Адам саны
Бортсеріктер қызметі	645
Ұшқыштар	216
Инженерлік-техникалық қызмет мамандары	170
Өндірістік-техникалық қызметкерлер жиыны	1031

2001–2007 жж. штат санының өсуі



Әлеуметтік жауапкершілік



2007 жылы ұйымішілік тренингтерде 178 адам оқытылды. Бұдан басқа, әуекомпания қызметкерлері авиация қызметкерлері үшін кәсіпқойлық семинарлар мен конференцияларда әрдайым белсенді қатысып келеді.

4. 2007 жылғы жобалар

2007 ж. алғаш рет жұмыскерлер пікіріне сауалнама жүргізілді, соның арқасында қызметкерлердің Компанияның жұмысына ризалығын, сондай-ақ жұмыскерлердің Компанияның корпоративтік мақсаттарын, міндеттері мен даму бағыттарын түсінуін бағалауға, қызметкерлердің компания басшылығына сенімділік дәрежесін, компанияның жұмыс беруші ретінде тартымдылығын анықтауға мүмкіндік туды.

5. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының мәселелері, компанияның барлық қызметкерлерімен қауіпсіз жұмыс талаптарының нақты орындалуы оның қызметінің табыстылығында маңызды роль атқарады.

2007 ж. басшылар мен мамандарға қауіпсіздік пен еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқу жүргізілді. Компанияда қауіпсіздік пен еңбекті қорғау мәселелері бойынша жұмыскерлердің білімін тексеретін тұрақты әрекет ететін экзамендік комиссия құрылған және жұмыс істеп келеді. Зиянды, қауіпті және қолайсыз өндірістік факторлардың әсеріне шалдығатын барлық жұмыскерлерге медициналық тексеру жүргізілді. 2007 жылдың қыркүйек айында еңбек жағдайлары бойынша өндіріс объектілерін аттестаттау өткізілген болатын. Аттестаттау нәтижелері бойынша, қолданыстағы нормаларға сәйкес, еңбек қауіпсіздігінің негізгі талаптары орындалатыны, компания қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау үшін барлық қажетті шараларды толық қаржыландыратыны анықталды.

6. Әлеуметтік пакет

Компания жұмыскерлерінің әлеуметтік пакеті медициналық сақтандырудан, компания мен оның серіктестерінің әуебилеттеріне жеңілдіктерден, спорттық іс-шаралар мен фитнес клубқа жеңілдіктерден тұрады.



Әлеуметтік бағдарламалар

«Эйр Астана» әуекомпаниясының әлеуметтік қайырымдылық бағдарламаларының жүйесі келесі қағидаларды негізге алған:

ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Әуекомпания қоғамдық үмітке және әртүрлі әлеуметтік топтардың мұқтаждықтарына сезімталдықпен жауап қайтарады.

ТИИМДІЛІК

Әуекомпания нәтижеге, басымды деп анықталған салалардағы (спорт, мәдениет, ғылым, білім беру) жағдайды жақсы жаққа өзгертуге бағдар ұстауда.

«Эйр Астананың» бағдарламаларын шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

- әлеуметтік тасымалдау бағдарламалары;
- серіктестік бағдарламалар;
- жеке және заңды тұлғаларды бір мәртелік қолдау.

Бұл бағдарламалардың көбінің қисынды құрам бөлшегі – салалық қызмет көрсету (жеңілдікпен және тегін түрде билеттер беру, жеңілдікпен және тегін түрде жүк тасымалдау).

Қайырымдылық жобалары

«Әлеуметтік тұрғыдан осал халық тобына қолдау көрсету» бағдарламасы.

Әскери даңқ орындары

Әр көктем сайын, Жеңіс Күні қарсаңында, «Эйр Астана» Ұлы Отан соғысына қатысушыларға Қазақстандағы және ТМД елдерінің әртүрлі қалаларындағы олардың дос-жарандарымен, полктастарымен жүздесуіне көмектеседі.

Акция 2002 жылдан бастап Қазақстан Республикасы тұрғындарының Ұлы Отан соғысындағы ерлігін еске алу ретінде өткізіледі.

Науқас балалар мен мүгедектерге көмек

«Эйр Астана» әуекомпаниясы Мейірімділік Ерікті қоғамымен бірлесе отырып, ауыр науқастанған кішкентай пациенттерге өз дәрігерін табуға көмек береді. «Эйр Астана» ұшақтары ауыр кардиологиялық науқастарға шалдыққан балаларды емделу үшін Қазақстан аймақтарынан Мәскеуге және Еуропа елдеріне жеткізеді. Компания қатерлі ісік ауруларымен науқастанған балаларға аса қажетті дәрі-дәрмектерді



Әлеуметтік бағдарламалар

Германиядан алып келген дәрігерлердің ұшу сапарын ұйымдастырды. Бағдарламаның тағы бір бағыты – шет елдерде емделуді қажет ететін балаларға көмек көрсету. Өз бетімен және Мейірімділік Ерікті қоғамымен ынтымақтастықта 2007 жылы ауыр науқастанған балалар мен оларды өзімен бірге алып жүрген ата-аналарына Астана, Мәскеу, Франкфурт және т.б. бағыттар бойынша жуықтап алғанда 50 билет берілді. Көмек алушылардың шеңберін кеңейту мақсатында «Эйр Астана» Қызыл Крест жобаларына қатысады.

Спортты қолдау

«Эйр Астана» қызметінің басымды бағыттарының бірі – қазақстандық спортты қолдау. «Эйр Астана» Қазақстан Футбол федерациясының, Қазақстанның Регбистер кеңесінің және «Астана» велокомандасының демеушісі болады.

Мәдениет пен өнерге қолдау көрсету

«Эйр Астана» бірқатар ірі мәдени іс-шараларға қолдау көрсетеді. 2007 жылдың желтоқсан айында

әуекомпания біздің еліміздің абыройлы сайысы – «Қазақстан Аруы» ұлттық сайысының ресми тасымалдаушысына айналады. Бірінші арудың тәжіне Алматының студент қызы Альфина Насырова ие болды. Ол «Әлем Аруы» және «Ғалам Аруы» халықаралық сайыстарына Қазақстан атынан шығатын болады.

2007 жылы 5-12 желтоқсанда Оралда «Эйр Астана» әуекомпаниясының қолдауымен V Халықаралық скрипкашылар сайысы өтті, оның идеялық рух берушісі және қазылар алқасының өзгеріссіз төрағасы Марат Бисенғалиев болып табылады. Өзінің салыстырмалы түрдегі қысқа тарихына қарамастан, бұл сайыс өздерінің келешекке зор үміт артатын ең озат шәкірттерін осы іс-шараға қатысуға жіберетін әлемнің ең үздік скрипка мектептерінің арасында өте танымал.

Атыраудағы жыл сайын өткізілетін «Роберт Бернс поэзия кеші» және олимпиялық чемпиондар Наталья Бестемянова, Андрей Букин мен Игорь Бобриннің қатысуымен өтетін Алматыдағы «Жаңа Жылдық мұз көрсетілімі»



Әлеуметтік бағдарламалар



де әлеуметтік-жауапкершілікті «Эйр Астана» авиакомпаниясының тұлғасында сенімді демеушісін тапты.

2007 жылы III Халықаралық жас вокалистер сайысы «Эйр Астана» қолдауымен өтті. Сайыстың өткізілуі қазақстандық классикалық ән салу өнерінің беделін көтеруге, сайысқа қатысатын әртүрлі елдердің дарынды жас орындаушыларының жаңа есімдерін паш етуге септігін тигізеді.

Бірнеше жыл бойы «Эйр Астана» «Бозторғай» балалар шығармашылығының халықаралық сайысына қолдау көрсетіп келеді. Алматыға біздің еліміздің барлық облыстарынан, сондай-ақ таяу және алыс шет елдерден жас бишілер, әншілер, халық орындаушылары жиналады. Сайысқа барлығы 900-ге жуық дарынды бала қатысты.

«Эйр Астана» – Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінің қатысушысы

2007 жылдың сәуірінде Еуразиялық Медиа Форум жыл сайынғы конференция қатысушыларына – журналистер, саясаткерлер, сарапшылар мен іскерлік шеңберлер өкілдері үшін өз есігін алтыншы рет ашады. Іс-шараның ресми серіктесі «Эйр Астана» әуекомпаниясы болды, сөйтіп қазіргі онжылдықтың да, осы жылдың да пікірталасқа ең көп түскен тақырыптарын жариялайтын ірі іс-шараға қолдау көрсетті.



Қоршаған ортаны қорғау

Қазақстан Республикасының заңнамасы шегінде әрекет ететін «Эйр Астана» әуекомпаниясы жұмыскерлердің, мердігерлердің және қосалқы мердігерлердің қоршаған ортаға тигізілетін зиянды азайту міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етуге талпынады.

«Эйр Астана» келесі мәселелерге айрықша назар аударады:

- Тұтыну көлемдерін, ал соның салдарынан атмосфераға шығарындыларды қысқарту мақсаттарымен әуе кемелерін пайдалану кезінде әуежанармайды қолдану.
- Қажетсіз қалдықтар мен уытты материалдардың түзілуін барынша азайту.
- Қоршаған ортаға тигізетін зиянын барынша азайту мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қалдықтар мен уытты материалдарды жою.



Әуекомпанияның қоршаған ортаға тигізетін зиянды азайту әдістері:

- Бағыттарды тікелейту;
- Жанармайды үнемдеу мақсатымен ұшу мен қону үрдістерін оңтайландыру.

Әуекомпанияның қалдықтарды қысқарту әдістері:

- Қолданылатын қағаз санын қысқарту (электрондық поштаны қолдану; қағаз құжаттарды электрондық деректерге айналдыру арқылы; электрондық келістіру жолымен; электрондық билеттерді енгізу арқылы).

Әуекомпанияның шуыл мен ауа сапасына қатысты көзқарастары:

- Жаңа технологияларға – шуылы анағұрлым төмен, экологиялық таза, анағұрлым тиімді әуе кемелері мен жерүсті жабдықтарға қаржы салу;
- Пайдаланушылық үрдістердің анағұрлым тиімдісін дамыту.

Қаржылық есептілік

31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛАТЫН 2007 ЖЫЛ ҮШІН ТАБЫСТАР МЕН ШЫҒЫНДАР ТУРАЛЫ ЕСЕП

	МЫҢ ТЕҢГЕ
Табыстар	66,053,347
Өзіндік құны	(52,651,420)
Жалпы пайда көлемі	13,401,927
Өзге табыстар	1,649,658
Сату бойынша шығындар	(5,250,508)
Әкімшілік шығындар	(3,689,408)
Қаржылық табыстар	652,646
Қаржылық шығындар	(19,441)
Бағамдық айырмашылықтан туатын залал, барлығы	(201,804)
Табыс салығы бойынша шығындарды есепке алуға дейінгі пайда	6,543,070
Табыс салығы бойынша шығындар	(2,210,958)
Бір жылғы таза пайда	4,332,112
Бір акцияға шаққандағы негізгі және сұйылтылған пайда (теңгемен)	254,830

2007 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС

Активтер

	МЫҢ ТЕҢГЕ
Ұзақмерзімді активтер	
Негізгі құралдар	3,504,373
Бейматериалдық активтер	201,538
Кепілді салымдар	1,830,558
Мерзімі ұзартылған салық активтері	238,966
	5,775,435
Ағымдағы активтер	
Тауарлық-материалдық қорлар	1,594,969
Берілген аванстар	2,087,396
Табыс салығы бойынша алдын-ала төлем	1,512,718
Өзге салықтар бойынша алдын-ала төлем	1,013,804
Саудалық және өзге дебиторлық берешек	2,482,660
Банктік депозиттер	7,909,621
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	1,797,542
	18,398,710
Активтердің жиыны	24,174,145

Қаржылық есептілік

МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

	мың теңге
Меншікті капитал	
Жарғылық капитал	2,501,550
Қосымша төленген капитал	48,996
Үлестірілмеген пайда	11,087,837
Меншікті капиталдың жиыны	13,638,383
Ұзақмерзімді міндеттемелер	
Қаржылық жал бойынша міндеттемелер	181,259
Ағымдағы міндеттемелер	
Қаржылық жал бойынша міндеттемелер	140,089
Болашақ кезеңдегі табыстар	4,651,166
Өуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге сақтық	1,587,130
Саудалық және өзге кредиторлық берешек	3,976,118
Ағымдағы міндеттемелердің жиыны	10,354,503
Міндеттемелердің жиыны	10,535,762
Меншікті капитал мен міндеттемелердің жиыны	24,174,145

Қаржылық есептілік

31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛАТЫН 2007 ЖЫЛ ҮШІН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

	мың теңге
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ	
Табыс салығы бойынша шығындарды есепке алуға дейінгі пайда	6,543,070
Түзетулер:	
Тозу және амортизация	391,124
Негізгі құралдар мен бейматериалдық активтердің есептен шығарылуынан түсетін табыс	(275,314)
Қаржылық шығындар	19,441
Қаржылық табыстар	(652,646)
Күмәнді қарыздар бойынша сақтық қорлардағы өзгерістер	(6,946)
Өтімсіз тауарлық-материалдық қорлардың сақтық қорындағы өзгеріс	1,220
Бағамдық айырмашылықтан түскен іске асырылмаған пайда	175,318
Айналымдық капиталдағы өзгерістерге дейін операциялық қызметтен алынған ақша қаражаттары	6,195,267
(Ұлғайту)/азайту:	
Кепілді салымдарды ұлғайту	(281,257)
Тауарлық-материалдық қорларды ұлғайту	(481,771)
Берілген аванстарды ұлғайту	(683,230)
Саудалық және өзге кредиторлық берешекті азайту (ұлғайту)	408,254
Болашақ кезеңдегі табыстарды ұлғайту	1,999,718
Саудалық және өзге кредиторлық берешекті, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге сақтық қорды ұлғайту	530,406
Операциялық қызметтен алынған ақша қаражаттары	7,687,387
Төленген табыс салығы	(2,956,901)
Төленген сыйақы	(20,618)
Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаттары	4,709,868
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ	
Алынған сыйақы	561,674
Негізгі құралдарды сатып алу	(1,621,777)
Негізгі құралдарды есептен шығарудан келген түсімдер	471,158
Бейматериалдық активтер	(14,754)
Жедел банктік депозиттерді орналастыру	(7,520,372)
Жедел банктік депозиттерді өтеу	6,412,565
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаттары	(1,711,506)

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

	мың теңге
Қаржылық жал бойынша төлемдер	(485,155)
Дивидендтерді төлеу	(1,009,268)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаттары	(1,494,423)
Ақша қаражаттарының таза ұлғаюы (азаяуы)	1,503,939
Жыл басындағы ақша қаражаттары	293,603
Бағамдық айырмашылықтың ақша қаражаттарына және олардың баламасына ықпалы	26,489
Жыл аяғындағы ақша қаражаттары	1,797,542

31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛАТЫН 2007 ЖЫЛ ҮШІН МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

	мың теңге			
	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Үлес-тірілмеген пайда	Жиыны
2006 жылдың 1 қаңтарында	2 501 550	48 996	3 727 923	6,278,469
Бір жыл ішіндегі таза пайда	-	-	4 037 070	4,037,070
2007 жылдың 1 қаңтарында	2 501 550	48 996	7 764 993	10,315,539
Бір жыл ішіндегі таза пайда	-	-	4 332 112	4,332,112
Жарияланған дивидендтер			(1 009 268)	(1,009,268)
2006 жылдың 31 желтоқсанында	2 501 550	48 996	11 087 837	13,638,383

Глоссарий

BSP

Billing & Settlement Plan –
өзара есептесу жоспар-жүйесі

EASA

European Aviation Safety Agency –
Еуропаның авиациялық қауіпсіздік агенттігі

ER

Extended Range – ұшудың ұзартылған алыстығы

GDS

Global Distribution System -
Ғаламдық сақталым жүйесі

IATA

International Association of Air Transport –
Халықаралық Әуе көлігі қауымдастығы

IBCS

IATA BSP Consolidator System –
IATA-BSP біріктірушілер жүйесі

IFE

In-Flight Entertainment –
ӘК бортындағы ойын-сауық бағдарламасы

IOSA

IATA Operational Safety Audit -
IATA пайдалану қауіпсіздігі бойынша
халықаралық аудиті

JAA

Joint Aviation Authority –
Еуропаның бірлескен авиациялық билігі

JAR

Joint Aviation Requirements –
бірыңғай авиация ережелері

JAR Ops

Пайдалану бойынша бірыңғай авиация ережелері

NC

Nomad Club – жиі ұшатын жолаушыларға
арналған бонустық бағдарлама

SMS

Safety Management System –
Ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі

ӘК

әуе кемесі

Өкілдіктер

Алматы қ., Қазақстан

Закарпатская к-сі, 8а,
тел. +7 (727) 258 41 36

Мәскеу қ., Ресей Федерациясы

3-ші Тверская-Ямская к-сі, 26, офис 5,
тел. + 7 (495) 251 16 05

Бейжін қ., Қытай Халық Республикасы

C210A, Lufthansa Business Center, #50
Liangmaqiao Lu, Chaoyang District,
тел.: + 8610-64651030, 64665067

Ыстамбул қ., Түркия

Cumhuriyet Caddesi No 95-97,
1 Elmadag Taksim Beyoglu,
тел.: +90212 343 49 60/61/62

Заңды мекен-жайы

Қазақстан, 010000, Астана қ.,
Самал 12 ықш. ауд.,
«Астана Тауэр» бизнес орталығы,
12-қабат,
тел.: +7 (7172) 580 958, 580 980,
факс +7 (7172) 580 950

Алматы қ. мекен-жайы:

050039, Закарпатская к-сі, 4а,
«Эйр Астана Орталығы 1»;
050039, Закарпатская к-сі, 8а,
«Эйр Астана Орталығы 2»,
тел. +7 (727) 258 41 35,
факс +7 (727) 259 87 02

Компанияның қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланатын бұқаралық ақпарат құралдары:

«Егемен Қазақстан» және
«Казахстанская правда» газеттері.



Website:
www.airastana.com